

# Turkic Weekly

2018/99





## **TURKIC WEEKLY 2018 6 (99) (5-11 ақпан)**

**Turkic Weekly** Түркі әлеміндегі ең маңызды оқиғалардың апталық шолуын ұсынады. **Turkic Weekly** түркітілдес мемлекеттердің ағымдағы өзекті мәселелері бойынша уақтылы ақпарат беріп, объективті талдау жасайды.

**Turkic Weekly – Халықаралық Түркі академиясы** шығаратын апталық ақпарат-сараптамалық дайджест.



## ҚАЗАҚСТАНДА ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

9-шы ақпан күні Қазақстанда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Шараның ерекшелігі сол, кездесу барысында экономикалық дамудың негізгі мемлекеттік және салалық бағдарламаларын іске асыру процесі мен жоспарлары талқыланды.

Жиынға Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Премьер-Министр, Мемлекеттік хатшы, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Үкімет мүшелері, Астана мен Алматы қалаларының және облыстардың әкімдері, Қазақстан Президентіне тікелей есеп беретін орталық мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Басқосу барысында Премьер-Министр Б.Сағынтаев, Қаржы министрі Б.Сұлтанов, Ұлттық банк төрағасы Д.Ақышев, Премьер-Министрдің орынбасары А.Жұмағалиев, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы А.Мырзахметов, Қарағанды облысының әкімі Е.Қошанов және Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев баяндама жасады.

Елбасы орындалған міндеттердің нәтижелеріне тоқталып, баяндамашылардың назарын банк секторындағы проблемаларға, сондай-ақ цифрландыру бағдарламасының мақсаттарын түсіндіру, бюджет қаражатына бақылауды күшейту, бақылайтын мемлекеттік органдардың тарапынан шағын және орта бизнесті тексеру жұмыстарын қысқарту мәселелеріне аударды.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті бұған дейін қабылданған бағдарламалық құжаттарды іске асырудың және оларға бөлінген бюджет қаражатын игерудің тиімділігін арттыру қажет екенін айтты.

Сонымен қатар, кездесу барысында бұрын қабылданған бағдарламаларды жүзеге асырудағы өзекті мәселелер талқыланды. Атап айтқанда, ерекше назар аударылуы тиіс бірқатар мәселелер анықталды.

Сондай-ақ, Елбасы өндіріске озық технологияларды енгізіп, кәсіпорындардың экспортқа бағытталу мүмкіндіктерін арттыру мәселелеріне тоқталды. Отырыс барысында мұнай-газ



секторындағы өңдеу және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын трансформациялау мәселелері талқыланды. Сонымен бірге, отырысқа қатысушылар автомобиль жолдарының құрылысына бөлінетін қаржының тиімді әрі жариялы түрде пайдаланылуын бақылау қажеттігін айтты.

Қазақстан Президенті бірінші кезекке жатпайтын республикалық жолдарға бөлінген қаржыны өңіраралық және ауданаралық жол құрылыстарына қайта бағыттаудың маңыздылығына назар аударды.

Отырыс барысында «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру жалғасып жатқаны жайлы да айтылды.

Сонымен бірге, жиында агроөнеркәсіп секторындағы жобаларды іске асыруға инвесторларды тарту мәселесі мен «Астана» халықаралық қаржы орталығын іске қосу жөнінде алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Соңында Мемлекет басшысы биылғы Жолдаудың барлық басымдықтарын іске асырудың маңыздылығына тоқталып, оларды орындау үшін әрбір басшыға жауапкершілік жүктелетінін атап өтті.

«Жолдауда төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында атқарылуға тиіс 10 нақты міндет белгіледім. Президент Әкімшілігі, Үкімет, Парламент, әкімдер, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы және ұлттық холдингтер тиісті жұмыс жүргізуі қажет. Бүгін мен ескерілуге тиіс тағы бірқатар мәселені айқындадым. Жүргізіліп жатқан конституциялық реформа мен күрделі геосаяси ахуал жағдайында барлығымыз белсенді әрі жұмыла жұмыс істеуіміз керек», – деді Нұрсұлтан Назарбаев..



## **ТҮРІК-ИРАН КЕЛІССӨЗДЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАЙЛЫ**

Өткен аптада Тегеранда Иран басшылығы мен Түркияның Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоғлуның келіссөздері өтті. Түркия Сыртқы істер министрінің Иран президенті Хасан Роуханимен кездесу барысында Сириядағы дағдарысты реттеу мәселесі талқыланды.

Иран БАҚ-тарының хабарлауынша, кездесу барысында Х.Роухани Тегеран, Анкара және Мәскеу өкілдерінің Сочидегі үш жақты кездесуін аймақтық проблемаларды шешудің маңызды қадамы ретінде атап өтті. Оның айтуынша, үш елдің байланыстары аймақтағы жағдайдың реттелуіне айтарлықтай әсер етті, бірақ қазіргі дағдарыстарды реттеу одан әрі ынтымақтастық пен кеңесіп әрекет етуді талап етеді.

«Біз аймақтық проблемаларды шешу үшін Түркиямен ынтымақтастықты дамытуға дайынбыз», - деді Иран басшысы.

Бұдан бөлек, М.Чавушоғлу өзінің Ирандағы әріптесі Мохаммад Джавад Зарифпен келіссөздер жүргізді. Кездесуде министрлер Сочидегі Сирия ұлттық диалогы конгресінің қорытындыларын талқылады.

Сондай-ақ, ирандық БАҚ-тар келіссөздердегі басты тақырыптардың бірі - Түркия, Иран және Ресей басшыларының алдағы үш жақты кездесуіне дайындық болғанын жазды. Кездесу күні әлі хабарланбады. Алайда, үш жақты форматта жоспарланған кездесу таяу болашақта өтетіні мәлім болды.

Айта кету керек, Сирия проблемалары бойынша өзара кеңестер жүргізген аталған үш өңірлік держава өкілдерінің кездесуі соңғы уақытта жиілей түсті.

Түркия Сириядағы «Зәйтүн бұтағы» операциясын жалғастыруда. Түркия Бас штабының соңғы ақпаратына сәйкес, бүкіл операция барысында 1000-нан астам лаңкестердің көзі жойылған.

Еске сала кетейік, биылғы жылдың 20-шы қаңтарында. Түркияның Қарулы күштері Сирия еркін әскерімен бірлесіп Сирияның Африн қаласында «Зәйтүн бұтағы» деп аталатын әскери операциясын бастаған.



## **ЎЗБЕКСТАН МЕН ТӘЖІКСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРДІҢ КЕЗДЕСУІНЕ ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР**

Өткен аптада Өзбекстан премьер-министрінің Азим Иброхим бастаған Өзбекстан үкіметінің делегациясы Тәжікстанға сапар шекті. Келіссөздердің негізгі мақсаты: Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиевтің Тәжікстан Республикасына алдағы сапарына дайындықты пысықтау болды.

Сапар бағдарламасында Өзбекстан үкіметінде бірқатар министрліктер мен ведомстволар өкілдерімен кездесулер және келіссөздер жоспарланған болатын, оның барысында тараптар екіжақты қарым-қатынастардың өзекті мәселелерін, сондай-ақ алдағы өзбек-тәжік байланыстарына дайындықтың тәжірибелік аспектілерін талқылады.

Тәжікстан БАҚ-тары келіссөздердің негізгі тақырыбы - Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзоевтың биылғы жылдың наурыз айының алғашқы он күніне жоспарланған Тәжікстанға мемлекеттік сапарына дайындық мәселесі болған.

Сондай-ақ, тараптар Өзбекстан басшысының Тәжікстанға сапары нәтижесінде ресми Душанбе мен Ташкент қол қоюға ниет білдіруі мүмкін келісімдердің жобаларын егжей-тегжейлі талқылады.

Еске салайық, Мирзиевтің Тәжікстанға сапары Өзбекстан басшысының көрші елдерге мемлекеттік сапарлар легін аяқтайды.

Сонымен қатар, биылғы жылдың наурыз айының ортасында Қазақстанның бас қаласында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірінші саммиті жоспарланғанын атап өткен жөн.





## **ҚЫРҒЫЗСТАНДА КАДРЛЫҚ АУЫС-ТҮЙІСТЕР БОЛДЫ**

Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков 9-шы ақпанда Қырғыз Республикасы Президентінің Аппараты туралы Жарлыққа қол қойды. Жарлыққа сәйкес, Қырғыз Республикасы Президенті Аппаратының қызметін жетілдіру мақсатында Қырғыз Республикасы Президентінің Аппараты туралы ереже және оның құрылымы бекітілді. Сонымен бірге, С.Жээнбеков Қырғыз Республикасы Президентінің Аппаратында жаңа саясаткерлерді тағайындау туралы бірқатар қаулыларға қол қойды. Атап айтқанда, өткен аптада Қырғызстанның келесі мемлекеттік қызметкерлерін тағайындау туралы жарлыққа қол қойылды:

- Президент кеңсесінің бастығы болып Чолпон Абдрахманова тағайындалды;
- Субакожоева Айзада - Президент аппаратының сыртқы саясат бөлімінің бастығы;
- Ахметова Нұрсулу Президент Аппаратының стратегиялық даму, экономика және қаржы бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды;
- Президент Аппаратының мемлекеттік саясат және ұйымдастыру-инспекторлық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Бекбоев Турдуназир тағайындалды;
- Карыбаева Мира - Президент Аппаратының Азаматтық даму, діни және этникалық саясат бөлімінің бастығы;
- Толгонай Стамалиева Қырғыз Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы - Президент Аппаратының Ақпараттық саясат бөлімінің меңгерушісі;
- Манасбек Арабаев Қырғыз Республикасы Президенті Әкімшілігінің сот реформасы және заңдылық бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды;
- Анарбек Исмаилов - Президент аппаратының құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі - Қырғыз Республикасы Президентінің Жоғорку кенештегі өкілетті өкілінің бірінші орынбасары;
- Саяқбай Субанов Президент Әкімшілігінің азаматтармен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы болып тағайындалды.



Түркі академиясы 2010 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия мемлекет басшылары тарапынан құрылды. Академия көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі Түркі әлемінің тілдері, мәдениеті және тарихы бойынша жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оларды үйлестіретін халықаралық ұйым. Түркі академиясы Түркі әлемін зерттейтін ғылыми-зерттеу және білім беру орталықтары арасында ынтымақтастықты арттыруға ықпал етеді.

[www.twesco.org](http://www.twesco.org) | 57-49-86

Тәуелсіздік даңғ., 57, Бейбітшілік және келісім сарайы  
Астана, 010000 | Қазақстан

 @intturkicadem

 <https://www.facebook.com/Intturkicadem>